



**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы  
Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 22 қараша N 45-І

1996 жылғы 20 наурызда Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея  
Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды  
ынталандыру және өзара қорғау туралы  
Келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі (бұл жерде және бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталады),  
Екі Мемлекет үшін өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты нығайту ниетімен

Бір Мемлекеттің инвесторлары басқа Мемлекеттің аумағында инвестицияларды жүзеге асыруы үшін қолайлы жағдайлар жасауды көздей отырып, және  
Осы Келісімнің негізінде инвестицияларды көтермелеу және қорғау осы саладағы іскерлік бастамаларды ынталандыратынын мойындай отырып,  
төмендегілер жөнінде уағдаласты:

1 - б а п  
Ұ Ғ Ы М Д А Р

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

(1) "инвестициялар" термині бір Уағдаласушы Тараптың инвесторлары басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында инвестициялаған активтердің кез келген түрін

білдіреді және, атап айтқанда, бірақ айрықша тәртіпте емес:

(а) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, сондай-ақ кепілді салымдар, борыштары үшін мүлікті пайдалануға тыйым салу құқығы немесе аманаттар секілді солармен байланысты кез келген мүліктік құқықтарды;

(б) үлестерді, акцияларды, облигациялар немесе борыш міндеттемелері және компанияға немесе бірлескен кәсіпорынның кәсіпкерлік іскерлік қызметіне қатысудың басқа да кез келген нысанын;

(в) ақшалай талаптарды немесе инвестицияларға байланысты экономикалық жағынан тиімді маңызы бар қызмет нәтижелері бойынша талаптарды;

(г) парасат меншігін иелену құқықтарын, соның ішінде авторлық құқықтық, сауда белгілерін, патенттерді, өнеркәсіптік үлгілерді, техникалық процестерді, ноу-хауларды, коммерциялық құпия мен фирмалық атауды және "гудвиллдерді";

(д) табиғи ресурстарды зерттеу, өндіру, өңдеу және пайдалану құқығын қоса заң бойынша немесе келісім-шартқа сәйкес берілген кез келген құқықты білдіреді.

Активтер инвестицияланған инвестиция нысанының кез келген өзгерісі оның сипатына ықпал етпейді.

(2) "инвестор" термині Уағдаласушы Тараптардың кез келгеніне қатысты:

(а) осы Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес оның азаматы болып табылатын жеке тұлғаны;

(б) заңды тұлға құқықтары бар немесе осы Уағдаласушы Тараптың аумағында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес құрылған кез келген корпорацияларды, компанияларды, фирмаларды, кәсіпорындарды, ұйымдар және ассоциацияларды білдіреді;

Бұл үшін жеке тұлғаның, корпорацияның, компанияның, фирманың, кәсіпорынның, ұйымның немесе ассоциацияның осы Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында инвестицияларды жүзеге асыруға құқығы болуы шарт.

(3) "табыстар" термині инвестициялардың нәтижесінде алынған соманы және, атап айтқанда, айрықша тәртіпте болмаса да, пайданы, проценттерді, капиталдың өсімінен алынған табыстарды, дивидендтерді, роялтиді немесе алымдарды білдіреді.

(4) "аумақ" термині әрбір Уағдаласушы Тараптың аумағын, сондай-ақ әрбір Уағдаласушы Тарап халықаралық құқыққа, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз Құқығы жөніндегі 1982 жылғы Конвенциясына сәйкес оларда егемен құқықтарын, юрисдикциясын және басқа да құқықтарын жүзеге асырып отырған немесе жүзеге асыратын теңіз аудандарын, соның ішінде Айрықша Экономикалық Аймақты, құрлықтық шельф пен әрбір Уағдаласушы Тараптың аумақтық суларымен шектесіп жатқан учаскелерді білдіреді.

## ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҮНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ

(1) Әрбір Уағдаласушы Тарап өзінің аумағында инвестицияларды жүзеге асыру үшін басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторларын қолдап отырады және оларға қолайлы жағдайлар жасайды және өзінің заңдарына сәйкес бұл инвестицияларға рұқсат е т е д і .

(2) Әрбір Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларына әділетті әрі тең жағдай жасалады және олар басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында толық қорғау мен қ а у і п с і з д і к т е б о л а д ы .

(3) Уағдаласушы Тараптардың бірде біреуі ешбір жағдайда өз аумағында басқа Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларды басқаруында, олармен жұмыс жасауда, оларды пайдалануда, оларды қолдануда және өкімдік етуде негізсіз немесе кемсіту шараларын қолдану арқылы залал келтіре алмайды.

(4) Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Келісімге сәйкес басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторлары өзінің аумағында жүзеге асырған инвестицияларға қатысты өзіне қабылдап алған кез келген міндеттемені сақтап отырады.

### 3 - б а п

#### ИНВЕСТИЦИЯЛАРҒА ЖАСАЛАТЫН ЖАҒДАЙ

(1) Уағдаласушы Тараптардың бірде біреуі өзінің аумағында басқа Уағдаласушы Тараптың инвестицияларына немесе табыстарына өзінің төл инвесторларының немесе үшінші Мемлекет инвесторларының инвестициялары мен табыстарына жасалатын жағдайдан қолайсыздау болатын жағдай жасалуына жол бере алмайды.

(2) Уағдаласушы Тараптардың бірде біреуі өзінің аумағында басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторларына осы инвесторлардың өз инвестицияларын басқаруына, олармен жұмыс жасауына, оларды пайдалануына, оларды қолдануына және өктемдік етуіне қатысты инвесторларына жасалатын жағдайдан қолайсыздау болатын жағдай ж а с а л у ы н а ж о л б е р е а л м а й д ы .

### 4 - б а п

#### ЗАЛАЛДЫ НЕМЕСЕ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ

(1) Инвестициялары басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында соңғысының аумағындағы кез келген қарулы қақтығыстың, төтенше жағдайдың немесе азаматтық тәртіпсіздіктердің салдарынан шығынға ұшыраған Уағдаласушы Тараптардың бірінің инвесторларына реституцияға, залалдарды өтеуге, өтемақы немесе өзге де реттемеге қатысты соңғысы өзінің төл авторларына немесе кез келген үшінші Мемлекеттің инвесторларына жасайтын жағдайдан қолайсыздау болмайтын жағдай жасалады.

Осыған байланысты төленетін төлемдер баламалы, дереу және еркін аударылатын б о л у ы т и і с .

(2) Осы Баптың (1) парасында залал келтірместен, осы парада айтылған

жағдайлардың кез келгенінде басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында:

(а) оның күш қолданушы құрылымдары немесе өкімет органдары мүлкін реквизициялауы, немесе

(б) оның күш қолданушы органдары немесе өкімет органдары ұрыс қимылдары мәжбүр етпесе де немесе аталған жағдаят қажет етіп отырмаса да мүлкін жойып жіберуі салдарынан залал шеккен Уағдаласушы Тараптардың бірінің инвесторларына нақ осындай жағдайларда басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторларына берілетін реституциядан немесе өтемақыдан қолайсыздау болмайтын реституция немесе баламалы өтемақы беріледі. Осыған байланысты төленетін төлемдер еркін аударылатын болуы және дереу төленуі тиіс.

## 5 - б а п Э К С П Р О П Р И А Ц И Я

(1) Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің инвесторларының инвестицияларын басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында, национализациялауға, экспроприациялауға немесе национализация, экспроприация (бұл жерде және бұдан әрі - экспроприация) секілді зардаптары болатын өзге де шараларға ұшыратуға болмайды, бұған қоғамдық мүдделерді мақсат еткен шаралар қосылмайды.

Экспроприация тиісті құқықтық рәсімге сәйкес, кемсітпеу негізінде жүргізіледі және баламалы және пәрменді өтемақымен сүйемелденіп отырады. Мұндай өтемақы экспроприациялаудың нақ алдындағы немесе болашақ экспроприациялау фактісі қалың жұртшылықтың назарына жеткізілгенге дейін экспроприацияланған инвестициялардың нақты құнының сомасына тең болады, оқиғалардың қайсысы бұрын орын алғанына қарамастан экспроприациялау күнінен бастап екі айдың ішінде төленеді, содан соң төлем төленген күнге дейін әдеттегі коммерциялық ставка бойынша проценттер есептеледі және оның төлемі нақты төленетін болуы және төлем сомасы - еркін аударылатын болуы тиіс.

(2) Мүдделеріне залал келтірілген инвестор экспроприация жүргізуші Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес өзінің немесе оның душар болған жағдайын осы Уағдаласушы Тараптың сот немесе басқа да тәуелсіз органында дереу қайта қаратуға және осы Баптың (1) парасында айтылған қағидаттарға сәйкес өзінің және оның инвестицияларының құнын басқаша бағалатуға хақы бар.

(3) Уағдаласушы Тарап заңды тұлға құқықтарын иеленіп отырған немесе өзінің заңдары мен ережелеріне сәйкес құрылған және басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторлары акцияларын иеленіп немесе басқа да нысандарда қатысып отырған компанияның активтерін экспроприациялаған жағдайда осы Баптың (1) және (2) параларының ережелері қолданылады.

## ИНВЕСТИЦИЯЛАР МЕН ТАБЫСТАРДЫ РЕПАТРИАЦИЯЛАУ

(1) Әрбір Уағдаласушы Тарап басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторларына өз аумағынан:

- (а) инвестициялардан алынған табыстарды;
  - (б) басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторлары жүзеге асырған инвестицияларды сатудан немесе оларды толық яки ішінара таратудан алынған түсімді;
  - (в) инвестицияларға байланысты займдарды өтеуге жұмсалатын қаржыларды;
  - (г) инвестиция жүзеге асырылған Уағдаласушы Тарап заңдарының ережелері қолданылатын басқа Уағдаласушы Тарап азаматтарының табыстарын;
  - (д) бастапқы капиталды және инвестицияларды көбейту үшін қажетті қосымша сомаларды кез келген еркін өтімді валютада дереу аударуға кепілдік береді.
- Осы Бапта көрсетілген рәсім әділетті әрі кемсітпейтін сипатта болуы тиіс.

(2) Осы Келісімнің мақсаттары үшін инвестициялар жүзеге асырылған Уағдаласушы Тараптың аумағында қолданылып жүрген валюталық реттеу ережелеріне сәйкес аудару сәтінде қолданылып отырған бағам айырбас бағамы болып табылады.

## 7 - б а п Е Р Е К Ш Е Л І К Т Е Р

Осы Келісімнің 3 және 4-Баптарының ережелері Уағдаласушы Тараптардың бірін басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторларына:

(а) кез келген қазіргі немесе болашақ кедендік одағына, немесе еркін сауда аймағына, немесе ортақ сыртқы тарифтік аймаққа немесе валюталық одаққа, немесе осындай халықаралық келісімге не Уағдаласушы Тараптардың кез келгені мүшесі немесе қатысушысы болып табылатын не болуы мүмкін басқа да аймақтық ынтымақтастық нысандарына; немесе

(б) толықтай немесе басым бөлігі салық салуға қатысты кез келген халықаралық келісімге яки шартқа байланысты бұрынғы Уағдаласушы Тарап беруі мүмкін кез келген артықшылық жағдайын, артықша немесе айрықша құқықтарды беруге міндеттейтіндей болып пайымдалмауы тиіс.

## 8 - б а п С У Б Р О Г А Ц И Я

(1) Егер Уағдаласушы Тараптардың бірі немесе ол тағайындаған орган осы Уағдаласушы Тарап инвесторының пайдасына басқа Уағдаласушы Тараптың аумағындағы инвестицияларға қатысты шеккен залалдарды өтеу жөнінде төлемдер төлесе, соңғысы бұрынғы Уағдаласушы Тарапқа немесе ол тағайындаған органға заң бойынша немесе заңды мәміле арқылы өтемақысы толық төленген инвестордың барлық құқықтары мен талаптарының берілуін танитын болады.

(2) Уағдаласушы Тарап немесе ол тағайындаған орган кез келген құқықтар мен

талаптарды инвестор қандай дәрежеде жүзеге асыруға хақылы болса, сондай дәрежеде жүзеге асыруға хақылы.

(3) Осы Келісімнің (1) және (2) параларында айқындалған суброгация жағдайында инвестор, егер оның Уағдаласушы Тараптан немесе оның кез келген органынан алған өкілеттігі болмаса, ешқандай талап қоймайтын болады.

## 9 - б а п

### УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ БІРІ МЕН БАСҚА УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ

(1) Уағдаласушы Тараптардың бірі мен басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасындағы кез келген дау, соның ішінде экспроприация, мүмкін болғанынша:

(а) өзара келісім бойынша дауласушы Тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы, немесе

(б) осы Баптың (2) парасына сәйкес көзделгендерден басқасы, аумағында инвестициялар жүзеге асырылған осы Уағдаласушы Тараптың заңдары мен ережелеріне қол жеткізерлік кез келген басқа да жергілікті құралдарды қолдану арқылы реттеліп отыруы тиіс.

(2) Осы Баптың (1) парасына сәйкес талап қою туралы жазбаша хабарланған сәттен бастап ұзақтығы (6) ай болатын кезеңнің ішінде реттелмеген мұндай дау шешу үшін, Тараптардың келісімімен, инвестицияларды жүзеге асыруға рұқсат берген Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес осы Уағдаласушы Тараптың құзыретті сот органына ұсынылуы мүмкін.

(3) Тараптар осы Баптың 2-парасына сәйкес дауды реттеудің көзделген тәртібіне келісе алмаса, дау Тараптардың бірінің өтініші бойынша халықаралық төрелікке беріледі. Төрелік тексерістің тәртібі мынадай болады:

(а) егер инвестордың Уағдаласушы Тарабы мен басқа Уағдаласушы Тарап Мемлекеттер мен Мемлекеттердің Азаматтары арасындағы Инвестицияларға Байланысты Дауларды Реттеу туралы 1965 жылғы Келісімнің Қатысушылары болып табылса, Инвестицияларға Байланысты Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталықта; немесе

(б) Инвестицияларға Байланысты Дауларды реттеу жөніндегі Халықаралық Орталықтың Ымыраласу Рәсімдерін Атқару, Төрелік істерін Жүргізу және Тергеу жөніндегі Көмекші Органында; немесе

(в) Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық Сауда Заңдары жөніндегі 1976 жылғы Төрелік Тексеріс Ережелеріне сәйкес дауласушы тараптардың кез келгенінің өтініші бойынша арнаулы төрелік алқасында.

## УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР АРАСЫНДАҒЫ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ

(1) Уағдаласушы тараптар арасындағы осы Келісімді пайымдауға немесе қолдануға қатысты даулар, мүмкін болғанынша, дипломатиялық арналар бойынша реттелуі тиіс.

(2) Егер Уағдаласушы Тараптардың арасындағы дауды алты (6) айдың ішінде реттеу мүмкін болмаса, ол Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің өтініш бойынша Т ө р е л і к А л қ а ғ а б е р і л е д і .

(3) Төрелік сот әрбір жеке жағдайда былайша тағайындалады. Төрелік тексеріс жүргізуге өтініш алынған сәттен бастап екі (2) айдың ішінде әрбір Уағдаласушы Тарап бір-бірден Алқа мүшесін тағайындайды. Тағайындалған мүшелер осыдан кейін үшінші Мемлекеттің азаматын таңдап алады, ол Уағдаласушы Тараптардың екеуінің мақұлдауы бойынша Алқаның Төрағасы (бұл жерде және бұдан әрі "Төраға" деп аталады) болып тағайындалады. Төраға басқа екі мүше тағайындалған күннен бастап екі (2) айдың ішінде тағайындалады.

4. Егер осы Баптың (3) парасында көрсетілген кезең ішінде қажетті тағайындаулар жасалмаса, Уағдаласушы Тараптардың кез келгені, басқа келісімдер болмаған жағдайда , осындай тағайындауларды атқару үшін халықаралық Соттың Төрағасын шақыра алады. Егер Төраға Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болса немесе басқа бір себептерге байланысты жоғарыда аталған міндетті орындай алмайтын болса, қажетті тағайындаулар жасау үшін Төрағаның Орынбасары шақырылады. Егер Төрағаның Орынбасары Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болса немесе ол да жоғарыда аталған міндетті орындай алмайтын болса, онда қажетті тағайындаулар жасау үшін Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің резиденті болып табылмайтын Халықаралық Соттың ағалығы жағынан одан кейінгі мүшесі шақырылады.

5. Төрелік Алқа өз шешімдерін көпшілік дауыспен қабылдайды. Мұндай шешімнің Уағдаласушы Тараптардың екеуі үшін де міндеттілік күші болады. Әрбір Уағдаласушы Тараптар өзінің төл төрешісінің жұмысына және оның төрелік істеріне қатысуына байланысты шығындарды алады; Төрағаның жұмысына байланысты шығындарды және қалған шығындарды екі Уағдаласушы Тарап тең бөліп көтереді. Төрелік Алқа өзінің жеке жұмыс тәртібін айқындайды.

## КЕЛІСІМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Осы Келісім барлық инвестицияларға, олардың Келісім күшіне енгенге дейін немесе одан кейін жүзеге асырылғанына қарамастан, қолданылады.

## БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

(1) Мәселе бір мезгілде осы Келісімде және екі Уағдаласушы Тараптардың екеуі де

қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық келісімдерде айқындалатын жағдайда осы Келісім ережелерінің бірде-біреуі басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында инвестицияларды иеленіп отырған Уағдаласушы Тараптардың бірінің инвесторына ережелердің қайсысы өзінің жағдайында неғұрлым қолайлы болатынына қарай олардың кез келгенін өзінің мүдделерінде пайдалануға кедергі келтірмейді.

(2) Егер Уағдаласушы Тараптардың бірі басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторларына оның заңдары мен ережелеріне сәйкес жасайтын жағдай осы Келісімге сәйкес жасалатын жағдайға қарағанда неғұрлым қолайлы болса, неғұрлым қолайлы жағдай жасалады.

### 1 3 - б а п К О Н С У Л Ъ Т А Ц И Я Л А Р

Уағдаласушы Тараптардың кез келгені басқа Тарапқа Келісімді пайымдауға немесе қолдануға қатысты кез келген мәселе бойынша консультациялар өткізуді ұсына алады. Басқа Тарап мұндай ұсынысты ықыласпен қабылдап алады және осындай консультацияларды өткізу үшін тиісті мүмкіндік жасайды.

### 1 4 - б а п КҮШІНЕ ЕНУІ, ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ҚОЛДАНЫЛУ КҮШІН ТОҚТАТУЫ Ж Ә Н Е

#### ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗУ

(1) Осы Келісім Уағдаласушы Тараптар оның күшіне енгізілуі жөніндегі барлық заң талаптары орындалған туралы бір-біріне хабардар еткен күні күшіне енеді.

(2) Осы Келісім ұзақтығы он бес (15) жыл болатын кезеңде күшінде қала береді. Бұдан кейін ол Уағдаласушы Тараптардың кез келгені басқа Уағдаласушы Тарапты Келісімнің күшін тоқтату туралы жазбаша хабардар еткен күннен кейін алты (6) ай өткенше күшінде қала береді.

(3) Келісім күшінде болған уақытта жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты оның ережелері оның қолданылу күші тоқтатылған сәттен бастап ұзақтығы он (10) жыл болатын кезеңде күшінде қала береді.

(4) Осы Келісімге Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша түзетулер енгізілуі мүмкін.

Осыны куәландыру ретінде осы мақсат үшін өздерінің Үкіметтері тиісті өкілеттік берген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

1996 жылы Алматы қаласында 20 наурызда қазақ, корей және ағылшын тілдерінде екі дана болып жасалды, бұл орайда барлық үш мәтіннің күші бірдей. Пайымдау алшақтық пайда болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтіні басым болып табылады.



ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҮКІМЕТІ ҮШІН

КОРЕЯ  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҮКІМЕТІ ҮШІН

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК